



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

Аталғандарға қоса логикалық ойлауының жоғары деңгейі, ойлаудың өнімділігі, болжау қабілеті, логикалық және механикалық есте сақтау қабілеті, үлкен назар, байқау, дамыған қиял, шығармашылық қабілеттерін айта кеткен жөн. Мақалада қарастырылған тақырыптағы тапсырмалар мен жаттығулар оқушылардың жалпы мәдени, жалпы кәсіптік және пәндік құзіреттіліктерін дамыту үшін қажетті тұлғалық – құндылық, реттеуші, ақпараттық – коммуникативті және зерттеу әрекеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы түрде химиялық есептерді шешудің тәсілі ретінде мынадай іс-әрекеттер тәртібін ұсынуға болады:

- қажет болған жағдайда бірліктердің бірыңғай жүйесіне (сандық жағы) келтірілетін есеп шартының қысқаша жазбасы (алдымен берілген шамалардың әріптік белгілерін және олардың мәндерін, содан кейін-ізделетін шамаларды көрсетеді);
- мәселенің химиялық мәнін анықтау, есеп жағдайында қарастырылатын барлық химиялық процестер мен құбылыстардың теңдеулерін құру (сапалық жағы);
- мәселенің сапалық және сандық деректері арасындағы қатынастар, яғни алгебралық теңдеулер (формулалар) - химия және физика заңдары арқылы есептегі шамалар арасындағы байланысты орнату;
- математикалық есептеулер.

Сонымен, мақалада қарастырылған жаттығулар оқушылардың жалпы кәсіптік және пәндік құзіреттіліктерін дамытуға қажетті тұлғалық-құндылық, реттеушілік және зерттеу әрекеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл жұмыстың материалдарын оқыту тәжірибесінде пайдалану оларға «жұмбақ» есептер шығаруды үйренуге және жиі кездесетін қателерді болдырмауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Титова И.М. Обучение химии. Психолого-методический подход: Материалы для специалистов образовательных учреждений. - СПб.: КАРО, 2002.-204 с.
2. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2004. – 178 б.
3. Темірболатова Ә.Е. Химия. Есептер мен жаттығулар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2004. – 16 б.
4. Бекішев Қ. Шығарылған химия есептері. - Алматы: «Білім» баспасы, 2002. – 99 б.
5. Адамович Т.П., Васильева Г.И., Мечковский С.А., Станишевский Л.С.. Сборник олимпиадных задач по химии. – Минск: Народная асвета, 1980. - 111 с.
6. Герус С.А. Алгоритмический подход к решению типовых расчетных задач // Химия в школе. -1996. - № 3. - С. 46-48.
7. Ерыгин Д.П., Шишкин Е.А. Методика решения задач по химии: учебное пособие. – М.: Просвещение, 1989. – 102 с.
8. Бударджак П. Задачи по химии: Пер. С румынск. – М.: Мир, 1989. – 343 с.
9. Лабий Ю.М. Решение задач по химии с помощью уравнений и неравенств – М.: Просвещение, 1987. - 78 с.
10. Рэмсден Э.Н. Начала современной химии: Справ. Изд.: Пер.с англ. / Под ред. В.И.Барановского, А.А.Белюстина, А.И.Ефимова, А.А.Потехина – Л.: Химия, 1989. – 784 с: ил. – Пер. изд.: Великобритания, 1985.
11. Лисицын А.З., Зейфман А.А. Очень нестандартные задачи по химии / Под ред. В.В.Ерёмкина. – М.: МЦНМО, 2015. –192 с.

ӘОЖ.82.0(574)

АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АЛАШ АЗАМАТТАРЫ

Оспанұлы Серікбай,

ф.ғ.к. профессор

Күлзада Мырзағалиева,

ф.ғ.к. қауым. профессор

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлы ұстаз еліміздің басына қандай да бір қауіп-қатер төніп, қабырғасын қиындық қысқанда да бейтарап қала алмаған. Сондықтан да елім, жерім, халқым деп күресіп, азаттықты аңсап өткен Алаш азаматтарының рухани күш-қуат алған бастау-бұлақтарының бірі – Ыбырай Алтынсарин идеялары мен еткен ісі екені даусыз. Оны осы мақала өзегінен де аңғаруға болады.

Түйінді сөздер: Ағартушы, рухани, алаш, мектеп, әдебиет, мәдениет.

Аннотация

Актуальность и цель. Великий педагог, посвятивший всю свою жизнь воспитанию подрастающего поколения, не мог оставаться нейтральным даже перед лицом любых угроз и трудностей. Поэтому одним из источников духовной силы Алашцев, сражавшихся за свою страну, свою землю, свой народ и жаждавших свободы, несомненно, являются идеи и деяния Ибрая Алтынсарина.

Ключевые слова: просветитель, духовный, алаш, школа, литература, культура.

Abstract

Relevance and goal. The great teacher, who devoted his whole life to educating the younger generation, could not remain neutral even in the face of any threats and difficulties. Therefore, one of the sources of the spiritual strength of the Alash people, who fought for their country, their land, their people and longed for freedom, is undoubtedly the ideas and deeds of Ibrai Altynsarin.

Keywords: educator, spiritual, alash, school, literature, culture.

Ахмет 1891 жылы Ыбырай Алтынсарин негізінен қалаған Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып, тәрбиеленеді.

Ыбырай – ұлы ағартушы. Халық ағарту ісінің де, ағартушылық әдебиеттің де, журналистиканың да негізін салушылардың бірі болса, Ахмет Байтұрсынов ол жасаған осы абыройлы істердің бәрін жалғастырып, дамытушы, талантты ізбасары.

Халқымыздың кемеңгер ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахметке хат жазып:

«Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң жақсы болар еді. Ол сенің аған емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ» [1, 36], -деп екеуінің бір-бірімен рухани жықындығын, мақсаттарының бір екенін айтып, үлкен сенім артады.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» [2, 204б], - деп жазса, бұл ойды Ахмет Байтұрсынов «Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы», - деп әрі қарай жалғастырып, іс жүзіне асырды. 1895 жылы педагогикалық училищені бітірісімен, ұстаздық жолға түсті. Қалың ұйқыдағы қазақ халқын маса болып ызыңдап, санасына білім құю арқылы оятуды алдына мақсат етіп қойды. Ағартушылық қызмет атқара жүріп оқу-білім, мектеп, оқулық, оқу жүйесі, мұғалім жайында көбірек сыр толғады. Ыбырай Алтынсарин «Облыстардағы оқу жұмыстарының жалпы жайы», «Мектептердегі оқу және тәрбие жұмыстары», «Оқу құралдарының жайы», «Мектептің шаруашылық жайы» деп халық ағарту мәселелері жөнінде толғанса, Ахмет те аға жолын жалғастырып, «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері», «Орысша оқушылар» деген сияқты келелі мәселелерді қозғайтын мақалалар тудырды. Оларда халық ағарту ісінің мұң-мұқтаждары айтылып, оқу ісін жақсартудың жолдары да көрсетілді.

Ыбырай қазақ балаларына лайықтап тұңғыш «Қазақ хрестоматиясын» (1879) құрастырып, сол жылы «Қазақтарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» кітабын жарыққа шығарды. Ыбырай бастаған игі істі Ахмет жалғастырып «Оқу туралы» қазақша алифба (1 кітап. Орынбор. 1912), «Әліп-бій». Жаңа құрал (Қызылорда. 1928), «Қазақша оқу жайынан», «Тіл құрал» (Орынбор. 1914), «Баяншы», «Сауат ашқыш» тағы да басқа оқу-әдістемелік кітаптар жазды.

Ыбырай ұлттық сананы оятуға ойлап «Қазақ газеті» атты газет шығармақ болса, ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді, көтеру үшін баспасөздің атқарар қызметінің зор екенін түсінген Ахмет сол Ыбырай арман-мақсатын жүзеге асырып 1913 жылы биресми ұлттық «Қазақ» газетін дүниеге әкелді.

Ыбырай «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша Ереже туралы. 1968 ж.» деп аталатын жазбасында «Ережеге» қарсылық білдіре отырып, «жер мәселесін» шешудің мұндай тәртібі ежелден қалыптасқан жерді пайдаланудың халықтық салт-дәстүріне қайшы келеді», - деп аштық отырықшылықты күштеп енгізуден болып отырғанын айтады. «Дала адамдарының халықтық өмірін жасанды түрде төңкеруге кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып-білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді», - дейді. – Қатерлі қателік жасамау үшін бұл халықта аграрлық мәдени дамудың нышаны бар ма екен, отырықшы үстем халықпен арадағы тікелей қатынастан қаншалықты әсер алды екен, бұл халық қошаған табиғаттың қандай жағдайында орналасқан және т.б. осы сияқтыларды біліп алған жөн. Өйткені тұтас ұлтты енжар ұлтқа айналдырумен пара-пар, осындай жай башқұрт халқымен болған деседі, сондай-ақ табиғат заңдарына кішкентай баланы бірден ересек адамға айналдыру мүмкіндігі болатын мысал да жоқ» [3, 416].

Ахаң 1913 жылы «Көшпелі һәм отырықшы норма» деп аталатын мақаласында «Отырықшы норма» дегеннің не екенін газет оқушыларына түсіндіріп, он бірінші шілдеде депутаттар Думада қазақ жерлерін орыс келімсектері жөн-жосықсыз алып жатыр» дегенде, «Переселендер басқармасының бастығы Глинка қазақ жерін қандай жолмен алып жатқандығын көрсетуге норманы қазаққа не үшін шығарғандығын жасырмай ашып айтып берді», -деп оның сөзін келтіреді. «Біздің қазақ турасындағы

істеп отырған ісіміз жолды, - депті ол. Біздің жолымыз екеу-ақ. Бірі – қазақтан артық жерді алу, екіншісі – қазаққа тиісті жер беріп орналастыру қазақтың артық жерін алып жатырмыз – артық жерді алсын деген закон бойынша, қазаққа жер беріп, орналастырып жатырмыз – өздерінің тілегі бойынша. Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, әдісіміз бар қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі: көшпелі қалпында жер беріп, орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді. Артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы законмен бекітіп, қазаққа берген соң, ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін біз әдіс жасап отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз Министірлер Советінен ептілік рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа «отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз» дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар «отырықшы нормасымен жер бер» деп жабылып сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік».

А.Байтұрсынов осылайша Глинка сөзін келтіріп, «переселендер басқармасының Думада барлық депутаттар алдында айтқан сөзі өтірік деп айта алмаймыз», - деп, отаршылдардың айла-шарғысының сырын одан әрі ашып, анықтай түседі [4, 230б].

Ыбырай 1878 жылдың 23 маусымында Ресей Әскери Министрінің атына жолдаған хатында: қазақтардың құнарлы жерлері Орынбор қазақ әскерлеріне беріле бастауын, 1874 жылғы Орынбор Генерал-губернаторының ол жайында бұйрығы шыққанын, соған байланысты қазақтардың әлеуметтік жағдайының күрт өзгергенін айтып: «7000-нан астам отбасы (ауданның қырғыздары) бүгінде 2300000 десятин жерде Новолинейный ауданында орналасып отыр. 1 млн десятин жердің өзіне тығыз орналасқан болар еді. Ал оларды 770842 десятин жерге орналастыру дегеніміз көптеген қырғыздардың шаруашылықтарының ыдырауына әкеліп соғады.

Ал 1878 жылғы 23 мамырдағы заң аудан қырғыздарының шаруашылығының іргесін берік етіп, әлеуметтік жағдайларының жақсаруын қамтамасыз етер еді. мына жоба жерді тарылтады, мал шаруашылығын дамытуға зиянын тигізеді. Ал ол халықтың күн көріп отырған – бірден-бір тіршілігінің көзі» [5], -десе. Міржақып Дулатов «Қазақ жерлері» деген өлеңінде 1868 жылдан бүкіл жер қазыналық деп танылып, мұжықтардың қоныс аудара бастауына байланысты жеріміз тарылып, қасиетті бабаларымыздың зираттары көшелерінің астында қаалғанын, көшкен бұлттай қаптаған мұжықтар енді зираттардың тасын алып, ағаштарын отқа жағатынын ашына жазады. «Осы күнгі қалған жеріңнен айрылсаң малыңды топыраққа бағасың», -деп қатты ескертеді. Қандастарына «атамекен жерің қайда, бәріңізді қуып шығып «хололдар» отыр, жер өлшеуге келген землемерлер құнарлы жерлер мен тұщы сулы бар мекендерді алып жатыр. Бұған аамал-айла таабааттын ерлер қайда?!» - деп намысын қайрайды. Сөйтіп, ұзақ өлеңін: «Он бестен кісі басы десятина жер берсе, сонда, қазақ, нешік хелің?» [6, 384б]. – деп сұраулы түйінмен аяқтайды.

Отаршылдық дәуіріндегі ең басты проблема осы жер мәселесі болатын. Сол себепті де М.Дулатов бұл ойларын «Жер мәселесі» мақаласында да қайталай жалғастырып, Ресей отаршылдарының озбырлық әрекетін, өріс пен қоныстың тарылып, қазақтардың құнарсыз жерлерге, құм-шөлдерге ығысуын ашына жазады. Енді жер кестіріп алып, қала салтымен тірлік етулері керек пе, әлде сол бұрынғы көшпелі өмірлерін жалғастыра ма – осы екі ұдай пікірдің тиімді-тиімсіз жақтарын көрсете отырып талқылап, таразылайды. Сөйтіп, Клеменец, Винер сияқты ғалымдардың ой-тұжырымдарына сүйеніп, малмен күн көріп отырған халықтың өрісін тарылту ақылға сыймайтын іс екенін қынжыла айтады. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан негізі – тұрмыс-салтына тамырына балта шабу екенін нығарлай жеткізеді.

Автор мақаласында халықтың жұмысын түп-тамырымен бұзып өзгерту оңай іс емес екенін, «қауіпті дертке ғалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге де сонша білім керек» екенін, «Өлгенді тірілту мүмкін болмаған секілді, бұл туралы өзгеріс қате пікірмен болса, түзетуге болмайтынын» айтып, «қала болу керек деушілердің пікірі» мен «көшіп жүру керек деушілердің пікірін» келтіреді. Сөз соңын: «Өзі қайда барарын біле алмай, адасып тұрған халықты бұрынғыдан жаман адастырып, басшыларымыздың екі жаққа тартуына қайғырып, тезірек бір ынтымаққа келуін тілейміз» [6, 248б], -деп аяқтайды.

Мағжан Жұмабаев «Дала, қала» мақаласында дала мен қала арасындағы қайшылықтарды айта келіп: «Оның балалары білімді, ойлы. Ол таң қаларлық істер істейді. Отты дүние айналған теңізді кезеді. Айшылық жолды алты аттайтын атсыз арба жасайды. Майсыз шам жандырады. Неше жүз шақырым жерден сөйлесетін құрал жасайды, қанатсыз көкке ұшып, бұлтқа араластырады. Түпсіз теріңге сүнгітіп, мөруерт- маржан шығарады, қысқасы қала баласы асқан адамдар. Естімейтін нәрселері жоқ, қолдарынан бәрі келеді. Қала ол өнер-білімнің бесігі, анасы... Онда өнер бар, онда білім бар» [7, 101б], -деп сөз нәсерін ағылта құяды. Бұл жолдарды оқығанда Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлені есіңізге түседі.

«Ол» Абай мен Ыбырайдың осы саладағы ойларын дамыта отырып, өнер мен білім жолына үгіттейді, оқудың пайдасын әңгімелеп, мәдениетті елдердің тіршілігін үлгі етеді [8], -деп академик Серік Қирабаев атап көрсеткендей Сұлтан-Махмұт Торайғыров та Ыбырай жолын жалғастырып 1912-1913 жылдардан бастап ақындықпен бірге ағартушылық жолға түсті. Мағжан Жұмабаев та оқытушы-

лық қызметтер атқарып, мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жариялады.

Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына, ұстаздық жолына таалдау жасалып, жан-жақты баға берілген, әдебиет, мәдениет тарихынан алатын орнын көрсеткен Кеңес дәуірінде жазылған тұңғыш еңбектердің бірі Мухтар Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарыұлы (1841-1889 жыл, 48 жас)» деп аталатын мақаласы еді.

Кезінде ұлы ұстаз туралы «крест таққан», «шоқынған», «орысқа берілген», «сандығы толған крест екен» деген сияқты өсек-аяң да көп болған.

М.Әуезов осы мақаласында ұлы ағартушының еңбегін «қазақтан шыққан шын қазақ ақыны», «ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы» деген сияқты баға беріп «шоқынды» аталуының себебіне тоқталады.

Біріншіден, Ыбырайдың Еуропа мәдениетіне жол салуы, екіншіден, «қазақ өз алдына ел, қазақ еш уақыт ноғай болмайды», – деп Ноғай ағайындардың «мұсылмандар ноғай болуы керек» дегеніне қарсы шығуы, үшіншіден, Ыбырай кітаптарының орыс әрпімен (кирилицамен) басылуы, төртіншіден, Ыбырайдың абыройының асуы. Әуезовтің өз сөзімен айтсақ: «Ол заманда орысша оқып, қанжығаласып ел билеу ісіне қатынасқандар төре тұқымдарынан болған. Бұлардың ішінде бақ күндестік туды. «Жуан қоныш, сасық қазаққа не қылған адамишылық», – дегендей. Ыбырайдың тұрған облысына дабысы күшті, ел оны әулие қылып ұстай бастады. Бұл бұрыннан қазақ елін билеп, меншіктеп қалған төрелерге ұнамады». Бесіншіден, шеттен келген надан молдаларға қарсы болуы. М.Әуезов: «...Ыбырайдың ноғайдан, төреден, азған қазақтан шыққан дұшпандары ұрандасып, ел арасына айтылмыш өсекті таратқан. Ол өсек орынсыз», – дей келіп, Ильминскийдің Ыбырай қолымен от көсеп, қазақ балаларын шоқындыру ниетінен түк шықпағанын, Ильминскиймен қазаққа пайда келтіру үшін ғана жақындасқанын, Ильминскийге Ыбырайдың жазған хаттарында, істеген істерінде «орыстың исі шығып тұр» деуінің мүлде орынсыз екенін айтып, «хаттарында, істерінде патша хүкіметіне жылы сөз, қолайлы іс болса Ыбырайдың хайла-шарғысы. Ол Ильминскийлерді алдап, адастырған әдісі деп қараудан басқа орын жоқ», – дейді.

Ыбырай өлгеннен кейін сандығын Васильев дегеннің алып кеткенін, бір сандық крест дегендері бір сандық қағаз екені, айтуға жеңіл болсын деп орыс жолдастарының орысша ат қоюы «шоқындыға» жатпайтыны айтылады.

Мақала соңында автор Ыбырайдың еңбегін жоғары бағалап, атын ескерусіз қалдырмау үшін не істеу керектігін тағы да санамалап көрсетеді:

1. «Шоқынды» деп білмеуіміз керек. Ол жабылған орынсыз жала болса, Ыбырай қазақтан шыққан адал азамат болатын болса, ол қазақ-қырғыздық маданият тарихында тиісті орын алуы керек.

2. Ыбырайдың өмірін, ісін толық қылып жазып, жазған кітаптарын қазақша бастырып шығару керек» [8, 440б].

М.Әуезовтің бұдан кейін ұлы ағартушының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында алар орнының жоғары екенін көрсететін мақаласы Қызылордада басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927ж.) кітабында, 1937-38 жылдары жарық көрген Әдебиет хрестоматияларында, «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Уақыт және әдебиет» кітабында, бірлі-жарым түзетулермен жазушының он екі томдық шығармалар жинағында басылды.

1922 жылы желтоқсан айының басында сол кездегі республика астанасы Ташкент қаласында «Талап» атты қауым құрылды. Қауымның мақсаты – қазақ халқының әдеби тілін, ғылыми атауларын (терминология), емлесін, ұлттық өнерді, тарихын, салт-дәстүрін, оқу-білімін зерттеп, зерделеп, алға басуын қадағалау, ұлт қызметкерлері мен өнер қайраткерлеріне көмек көрсету, бұл істерді жүзеге асыру үшін дәріс оқу, баяндамалар жасау, көрмелер ашу, баспасөзге жазу, кітап, қолжазба, өнер үлгілерін жинау, білім, өнер жөніндегі еңбектерді жарысқа, сынға салып, бәйге тігіп, жүлде беру, халық ағарту жолында мамандар, шеберлер, курстар ашу, аудармашылар, әріп терушілер дайындау болатын.

1923 жылдың 29 наурызында «Ақ жол» газеті «Талап» қауымында соңғы өткен екі жұмада екі лекция болып өтті, -деп жазды. – Бұның бірі Мырзағазының баяндамасы – «Алтынсариннің өмірі һәм істеген істерінің жайынаан», екінші лекция Мағжандікі – «Абай өлеңдері туралы».

Мырзағазы Есполов – «Талап» ұйымының басқарма мүшесі болса, Мағжан Жұмабаев осы қауымның Жарғысын (Уставын) жазушылардың бірі еді.

«Баяндамашылардың екеуі де алған мәселелерін жете тексеріп, толық мағлұмат жинақтағандықтан, жиылған жұртқа ескі қазақ заманының екі ардақты адамы – Алтынсарин мен Абай жайынан бірталай жаңа сөздерді айтып берді.

Мұнан кейін газет редакциясы баяндамалардың мазмұнына аз-кем кідіріп, дәрісшілердің сүбелі ойларын келтірді. Мәселен, Мырзағазы тындаушылар Ыбырайды толық білмейтінін ескеріп, өмірі мен шығармаларынан толық құлақтанды етеді, «әр жерде жыбырлап сөйлеп, Алтынсаринді орысты көбейтудің бірі болды деп миссионерге таңып жүрген жаладан басын арашалап алады» да, қанқу сөзді Ыбырайдың сын садағына ілінген татар молдалары таратқанын айтады («Ыбырай қазақ үшін Еуропамәдениеті керек десе, түсінгендіктен, ел ішінде дін тарат деп мал жиып жүрген татар

молдаларына қарсы болған, көбін өзі жүрген жерлерінен құғызған. сондықтан молдалар ішінен жауы көбейіп, жаманатқа солар ұрындырған»)» [9, 426].

М.Есполов баяндамасы Мұхтар Әуезовтың 1922 жылы жазған жоғарыда аталған «Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 жыл, 48 жас)» деп аталатын мақаласына үндес.

Мырзағазы Есболов – Ыбырай Алтынсариннің ұлы ағартушы екендігін айтып, «шоқынды» деген алыпқашпа сөзден қорғаған М.Әуезовтен кейінгі екінші тұлға.

Мырзағазы 1891 жылы Қостанай уезі Аманқарағай болысының № 4 ауылында туған. Алғаш ауыл молдасынан хат танып, кейін мұғалімдер мектебін бітіреді. «Алаш» қозғалысының қайраткері. «Қазақ» газетімен тығыз байланыста болып, мақалалар жазып тұрған. Петерборда шығып тұрған «Мусылманская газетінің» тілшісі болған.

Қай халықтың да болашағы – жастар. Олардың алға басып, еліне пайдалы адам болып өсіп-өркендеуі ғылым, білімде.

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлы ұстаз еліміздің басына қандай да бір қауіп-қатер төніп, қабырғасын қиындық қысқанда да бейтарап қала алмаған.

Сондықтан да елім, жерім, халқым деп күресіп азаттықты аңсап өткен Алаш азаматтарының рухани күш-қуат алған бастау-бұлақтарының бірі – Ыбырай Алтынсарин идеялары мен еткен ісі екені даусыз. Оны осы мақала өзегінен де аңғару қиын емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханұлы Ә. Бауырым Ахмет! Дулатова Г. Аманат//Жұлдыз, 1994. № 3-4.
2. Алтынсарин Ы. Таза Бұлақ. –Алматы: «Жазушы», 1988.
3. Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах, 1976.
4. Байтурсынов А. Көшпеллі һәм отырықшы норма. //Қазақ газеті. № 20, Ақ жол – Алматы: «Жалын», 1991.
5. Мәскеу әскери-тарихи архиві, фонд 1099, опись 1, дело 163.
6. Дулатов М. Қазақ жерлері. Шығармалары. –Алматы: «Жазушы», 1991.
7. Жұмабаев М. Дала, қала.//Айқап. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. –Алматы. 1995.
8. Қирабаев С. Ақын тағдыры //Социалистік Қазақстан, 1 мамыр 1990.
9. Әезов М. Ыбырай Алтынсарыұлы (1841-18899 жыл, 48 жас)//Шолпан 6-7-8 сан, 1923.Шолпан.-Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2010.
10. Хамзабекұлы Д. Руханият. –Алматы: «Білім», 1997.

ӨОЖ: 745.65

АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ АЛТЫНСАРИНМЕН БІРГЕ БАСТАҒАН АСЫЛ АЗАМАТ ШАҢМҰРАТ ҚҰЛЫБЕКОВ

Өтелбаева Салтанат,
ҚР мәдениет саласының үздігі
Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсариннің
мемориалдық музейі басшысының
ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада қазақтың ағартушылық тарихында және қазақ жерінде зайырлы мемлекеттің қалыптасуында із қалдырған, күш-қуатын халық мүддесі үшін аямай жұмсаған адал азаматтың бірі болып, Ыбырай Алтынсаринмен бірге оқығаны, үздіктер қатарынан көрінген Шаһмұрат (кей деректерде Шахмұрат) Құлыбеков туралы жазылған. Ыбырай Алтынсарин 1864 жылдың 8 қаңтарында Торғай жерінде алғаш мектеп ашқан болса, Шаһмұрат Құлыбеков осы жылдың 25 қазанында Ырғызда білім ордасын ашты. Бұл екі тұлғаның еңбегін бөліп жарып қарауға болмайтыны сөз етілген. Шаһмұрат туралы алғаш рет ырғыздық өлкетанушы Сейілхан Оразымбетовтің 1996 жылы жарық көрген «Ырғыз» кітабында жазылды. Ш.Құлыбековтің дүниеге келген және өмірден өткен уақыты әзірге белгісіз. Ағартушының өмір жолы мен қызметі туралы мәлім болған деректер жайлы мақалада көрсетуге тырыстық.

Түйін сөздер: Шаһмұрат Құлыбеков, ағартушылық, «Ырғыз» кітабы.

Аннотация

Актуальность и цель. В статье рассказывается о Шаһмурат (в некоторых источниках Шахмурат) Кулибекове, который прошел путь в истории казахского просвещения и становления светского государства на казахской земле, учился у Ибрая Алтынсарина, одного из лучших. Если 8 января 1864 года Ибрая Алтынсарин открыл первую школу на Торгайской земле, то 25 октября этого года Шах-